

Есіл ауданы әкімдігінің "Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырылудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды 2008 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларындағы мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" 2008 жылғы 08 сәуірдегі №а-4/102 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 27 қарашадағы № а-11/273 қаулысы. Ақмола облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 06 қаңтарды № 1-11-95 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № а-3/106 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 3 наурыздағы № а-3/106 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 563 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Есіл ауданы әкімдігінің «Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырылудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды 2008 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларындағы мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» 2008 жылғы 08 сәуірдегі № а-4/102 (Аймақтық Нормативті құқықты актілердің мемлекеттік тіркелу тізілімінде 2008 жылғы 15 сәуірде № 1-11-83 нөмірімен тіркелген, «Жаңа Есіл» газетінде 2008 жылғы 18 сәуірде № 304-305 нөмірлерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

1) осы аталған қаулының қосымшасына өзгеріс енгізіліп мынадай мазмұнда оқылсын: «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаменті «Есіл ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары Мұсұров Дүйсенбай Тоқышұлы» сөздері «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысы Ішкі істер департаменті «Есіл ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының

орынбасары Уәлиев Еркін Дайырұлы» (келісімі бойынша) сөздеріне, «Есіл ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Байғалым Бейбітгүл Байғалымқызы» сөздері «Есіл ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы Волынкина Елена Сергеевна» сөздеріне а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.К.Ағымбаеваға жүктелсін.

3. Есіл ауданы әкімдігінің осы қаулысы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми бірінші жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Е с і л а у д а н ы н ы ң

әкімі С.Ерин

КЕЛІСІЛГЕН:

«Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Ақмола облысы
Ішкі істер департаменті
«Есіл ауданының
ішкі істер бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің

бастығы С.Каримов

«Есіл ауданының қорғаныс
істері бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің

бастығы Ж.Меңбаев